

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысының
Білім басқармасының басшысы


«27» 02 2023 ж
Г. Кожаметова

«Шынайы әлемдегі STEM технологиялар» шығармашылық жобалар байқауын өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1 «Шынайы әлемдегі STEM технологиялар» (бұдан әрі – Байқау) шығармашылық жобалар байқауын өткізу қағидалары мақсаттарды, міндеттерді, өткізу және қаржыландыру тәртібін айқындайды.
- 1.2 Байқаудың мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық саладағы бағытталған бастамаларын дамыту, STEM-технологиялар мен робототехникадағы дарынды балаларды анықтау және қолдау көрсету.
- 1.3 Байқаудың міндеттері:
- 1) балалар мен жасөспірімдердің STEM-технологиялар мен білім беру робототехникасын танымал етуіне назарын аудару;
 - 2) балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік-шығармашылық белсенділігін, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін дамыту;
 - 3) ойластырылған бастамаларын жүзеге асыру үшін алаң құру;
 - 4) бағдарламалау, құрастыру, өнертапқыштық дағдыларын дамыту.
- 1.4 Байқау бір санат бойынша өткізіледі:
- 1) Техникалық шығармашылық және робототехника.

2. Байқаудың өткізілетін орны мен уақыты

- 2.1 2023 жылдың 12 маусымынан 1 қазанына дейін байқауға жұмыстар қабылданады.
- 2.2 Үздік жұмыстар көрмесі мен жеңімпаздарды марапаттау Қарағанды қаласында 2023 жылдың 3-4 қарашасында өтетін «Roboland-2023» робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар Халықаралық фестивалінің алаңында ұйымдастырылады.

3. Байқауға қатысушылар

- 3.1 Байқауға Қазақстанның кез келген өңірлерінен бастауыш, негізгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары және шетелдік оқушылар қатысады.

4. Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі

4.1 Байқауға қатысу үшін фотосуреттерді (бейнелерді) және өз жұмысының сипаттамасын roboland.kz@gmail.com электрондық мекен-жайына еркін нысанда жіберу қажет.

4.2 Сипаттамамен бірге берілген нысан бойынша өтінімді жіберу қажет.

5. Талаптар:

5.1 Жоба өз қолымен жасалуы керек, зауытта жасалған робот бөлшектерінде пайдалануға болады. Жоба қозғалмалы немесе статикалық болуы мүмкін.

5.2 Жобаларды көрмеде көрсету үшін таңдауды әділ қазылар алқасы ұсынылған фотосуреттер, бейнелер мен сипаттамалар негізінде жүргізеді. Жіберілген жобалар 2023 жылғы 2 қарашада «RoboLand 2023» финалдық жарысының өтетін орнына жеткізілуі тиіс.

5.3 Бағалау критерийлері:

- 1) Жобаның байқау шарттарына сәйкестігі;
- 2) Орындау шеберлігі;
- 3) Жобаның өзіндік ерекшелігі;
- 4) Әділ қазылар алқасының таңдауы бойынша қосымша критерийлер.

6. Байқауға қатысушыларды марапаттау

6.1 Әділ қазылар алқасы байқау жұмыстарын бағалау критерийлеріне сәйкес 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Әділ қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

6.2 Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

6.3 Әділ қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады.

«Шынайы әлемдегі STEM технологиялар» шығармашылық жобалар байқауына қатысуға

Өтінім

Облысы	
Аудан/қала	
Мектеп, сынып/қосымша білім беруді ұйымы	
Номинация (қалағанын қалдырыңыз)	Күрделі-техникалық өнім
Жобаның атауы	
Қысқаша сипаттама (2-3 сөйлем)	
Жоба авторының (авторларының) тегі, аты	
Байланыс деректері	
Басшы	
Байланыс деректері	